

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 12 желтоқсандағы N 1235 қаулысына толықтыру мен өзгеріс енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 26 қарашадағы N 470м Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. "2006 жылға арналған республикалық бюджеттік бағдарламалардың паспорттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 12 желтоқсандағы N 1235 қаулысына мынадай толықтыру мен өзгеріс енгізілсін:

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі бойынша:
көрсетілген қаулыға 187-қосымшада :

2-тармақ "; "Мемлекеттік активтерді басқарудың 2006-2008 жылдарға арналған бағдарламасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 30 маусымдағы N 620 қаулысы" деген сөздермен толықтырылсын;

"Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары" деген 6-тармақ кестесінің 5-бағанының соңғы абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"Самұрық" мемлекеттік активтерді басқару жөніндегі қазақстандық холдингі" АҚ-ның және "Қазына" орнықты даму қоры" АҚ-ның орналастырылатын акцияларына төлеуге берілетін мемлекеттік активтерді, сондай-ақ әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациялар мен бәсекелі ортаға берілетін объектілерді бағалауды жүргізуге арналған қызметтерді сатып алу."

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі